БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 5 ы/а, 12 строение, тел: +7 (711) 255-43-11; факс: +7 (711) 2-554311; email: 711-2465@sud.kz

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

090000, Западно-Казахстанская область, город Уральск, 5 мкр.,12 строение, тел: +7 (711) 255-43-11; факс: +7 (711) 2-554311; email: 711-2465@sud.kz

"Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы" МКҚК
Сот кабинеті

"Береке" ЖК
pirimkulsabira@outlook.com
Астана қ, Есиль ауд, Бухар жырау 36 А, 5-12

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талапкер "Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы" МКҚК-нің жауапкер "Береке" ЖК-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы №2713-23-00-2/1431 азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін жолдайды.

Жалғанды: сот шешім көшірмесі

Судья **Бекенов Е.Р.**

Орын: С.Максутова
87052961856

Құжатты жасаған: МАКСУТОВА С. Т., 8-7112-55-43-11 87052961856, 711-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БЕКЕНОВ Е. Р., 05.09.2023 17:37
2713-23-5-21/8288 05.09.2023
ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

26 шілде 2023 жыл № 2713-23-00-2/1431 іс Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Р.Бекенов,
сот отырысының хатшысы С.Максутованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Ақжайық аудандық мәдени – демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР: «Береке» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Б.Зайдуллина
талап қоюшының өкілі И.А.Хабибуллин, Г.Г. Ахмедиярова
жауапкердің өкілі С.М.Пірімқұл

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Ақжайық аудандық мәдени – демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі – тапсырыс беруші) «Береке» жеке кәсіпкері (өнім беруші) арасында 07 мамыр 2023 жылы №76 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (одан әрі – шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді еңгізген күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей техникалық ерекшелікке сәйкес дыбыс жазу студиясына құрылғы жиынтығын жеткізуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 02.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 05.09.2023
2713-23-3-1/1549

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету соммасы 19.05.2023 жылы енгізілген.

12.06.2023 жылы шартты бір жақты бұзу туралы хабарлама жіберілген.

27.06.2023 жылы шарт бұзылған.

Тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген өз міндеттемелерін жауапкер толық орындамағандықтан талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұрады.

Талап қою қарсылығында жауапкер өзіне алған міндеттемені орындаудан бас тартпағанын, дыбыс жазу студиясына құрылғы жиынтығын жеткізу алдында тапсырыс берушіден нақты қай түрін таңдап алуын сұрағанын, дегенмен жауап болмағандықтан тауар жеткізілмегені туралы жазды.

Талапкердің өкілі сот отырысында талаптың уәждерін қолдап, оған қоса, шартпен оның техникалық ерекшелігінде тапсырыс беруші тауарды таңдап алу керектігі туралы көрсетілмегенін айтып, талап қоюды толық қанағаттандыруын сұрады.

Жауапкердің өкілі сотта талап арызды мойындамады және талап арызға қарсылығында көрсетілген уәждерді қолдады. Талап арызды қанағатттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап арызды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Азаматтық кодекстің 272-бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Азаматтық кодекстің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының (одан әрі – Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотпен, шарт бойынша міндеттемелер жауапкермен толық орындалмағандығы анықталды.

Жауапкер, техникалық ережесінде көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес дыбыс жазу студиясына құрылғы жиынтығын 15 жұмыс күннің ішінде жеткізуге міндеттеме алған, дегенмен міндеттеме орындалмаған.

Құжатқа қол қойылған: Беженов Е. Р., 02.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Беженов Е. Р., 05.09.2023
2713-23-3-1/1549

Сот, талап қоюшының келтірген дәлелін маңызды, ал жауапкердің дәлелін негізсіз деп есептейді, өйткені, шарт бойынша, жеке кәсіпкер техникалық ерекшелікке сәйкес тауарды жеткізіп, ал тапсырыс беруші ол тауарды сәйкестікке тексеріп қабылдауға тиісті болған.

Сондықтан, сот, талапкер талабының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ :

«Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Ақжайық аудандық мәдени – демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Береке» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«Береке» жеке кәсіпкері (ЖСН 040911601235) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Береке» жеке кәсіпкерінен (ЖСН 040911601235) мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде БҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Бекенов Е.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 02.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 05.09.2023